

**Куттыбаев Шоканхан Дуйсенхановичтің 6D021400 – «Әдебиеттану»
мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін
дайындалған диссертациясына**

АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбы: «Ш.Айтматов шығармашылығындағы қазақ тақырыбы»

Зерттеудің мақсаты: Әдебиеттану ғылымындағы заңдылықтарды басшылыққа ала отырып жазушы шығармалардағы қазақ тақырыбына арқау болған тарихи шындық пен ұлттық ерекшелік және мәдени құндылықтарға талдау жасау арқылы қазақ тақырыбының Ш.Айтматов шығармашылығындағы орны мен рөлін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

– Қазақ-қырғыз әдебиетінің Шыңғыс Айтматов шығармашылығына ықпалын ғылыми тұрғыда негіздеу;

– Шыңғыс Айтматовтың қазақ тақырыбын бейнелеудегі әдеби әдістері мен стилін зерттеу, оның ішінде символизм, мифология, реализм, психологиялық талдау сияқты тәсілдердің қалай пайдаланылғанын анықтау;

– Шыңғыс Айтматовтың шығармаларындағы қазақ тақырыбы арқылы көтерілген қоғамдық және жалпыадамзаттық құндылықтарды ғылыми тұрғыда зерделеу;

– Жазушы шығармаларындағы көтерілген қазақ халқының тарихи болмысы мен қоғамдық мәселелері арқылы көрініс тапқан гуманистік идеяларды айқындау;

– Шыңғыс Айтматов шығармаларында суреттелетін тарихи оқиғалар желісі мен әлеуметтік жағдайларды байланыстыра отырып, олардың қалыптасуына әсер еткен факторлар арқылы кейіпкерлер бейнесін сомлаудағы жазушының стильдік ізденістеріне талдау жасау.

Зерттеу әдістері: Зерттеу жұмысын жазу барысында негізге алынған міндеттерді жүзеге асыруда интерпретация, салыстырмалы типологиялық, тарихи-әдеби, психологиялық, семиотикалық, объективті-саралау, жинақтау, даралау әдістері қолданылады. Сондай ақ, қазіргі кезеңдегі әдеби білім берудің мемлекеттік стандарты, оқу тұжырымдамалары, бағдарламалар, оқулықтар, оқу құралдары, оқытудың жаңа технологиялары туралы ғылыми-теориялық еңбектері теориялық негіз болады. Сонымен қатар зерттеуші ғалымдардың жазушы туындыларында көтерілген философиялық тұжырымдары турасындағы зертемелер мен зерттеу еңбектері басшылыққа алынды.

Теориялық: Зерттеу мәселесіне байланысты әдебиеттанушы ғалымдардың, философтардың еңбектері; ғылыми басылымдар материалдары мен отандық және шетелдік зерттеуші ғалымдар еңбектері дисертанттың зерттеушілік тәжірибесі. Атап айтқанда, Ш.Айтматов шығармашылығына байланысты фольклорлық сюжеттерді қарастырғанда фольклорлық еңбектерден М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Ә.Қоңыратбаев,

Б.Кенжебаев, М.Қаратаев, С.Қирабаев, З.Қабдолов, И.Конрад, И.Г.Неупокоева, М.Дүйсенов, Р.Нұрғали, С.Қасқабасов, Ж.Дәдебаев, Б.Майтанов, С.Негимов, Д.Ысқақұлы, С.Қондыбай, А.Мәуленов, Ж.Құралай, Ж.Аймұхамбет және т.б. еңбектеріне шолу жасалды. Сондай-ақ Айтматов туындыларына әдеби-теориялық талдауды жасауда әдебиеттанушы ғалымдар С. Асылбекұлы, Б.Әбдіғазизұлы, Б.Омарұлы, У.Қалижанұлы, Б.Сманов, Б.Жұмақасева, С.Мақпыров, Г.Орда, А.Ісмақова, А. Таңжарықова, К.Медеубаева және тағы да басқа зерттеуші ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынып, мәтін талдаудағы теориялық тұжырымдарын негізге алынды.

Практикалық: Жұмыстың нәтижелерін «Түркі халықтары әдебиеті», «Қазіргі кезең әдебиеті», «Әдеби байланыс», «Орта мектепке арналған қазақ әдебиеті» пәндеріндегі Шыңғыс Айтматов шығармашылығына қатысты «Айтыматовтану», «Тұлғатану», курстарында, ОБӨЖ және БӨЖ сабақтарындағы жазба жұмыстарына, семинар, лекция сабақтарына пайдалануға болады. Сондай-ақ Ш.Айтматов туындылары арқылы бауырластық пен достықтың жаңа белесін қалыптастыруға және болашақ ұрпаққа отанды, туған жерді, ата-ананы құрметтеуді насихаттауға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа тұжырымдар)

1. Жалпы Ш.Айтматов туындылары өзіндік ерекшелігімен, өзіндік жаңа бағытымен қазақ прозасын жаңа көкжиекке көтеруге елеулі үлес қосты. Әсіресе, қазақ әдебиетінің негізін қалаған әдебиет алыптары Ж.Аймауытов, Б.Майлин, М.Әуезов секілді қазақ классиктерінің даңғыл жолының арнасын кеңейтіп, туыстық байланысты айқындайдыт ауыз әдебиетінің үлгілерін жаңаша мазмұнда танытты. Туындыларында көтерілген адам санасының тұйықталуы мен жалпыадамзаттық құндылықтар, кешегі мен бүгіннің тартысы, ұрпақ санасының оянуына оң әсер етті;

2. Бүгінгі қоғамда бой көтеріп отырған ұлттық болмыстан ажырау, өзге мәдениеттің кірігуінің кесірінен жастар санасының тұйықталуы, тіл-діл мәселесі сияқты қоғамдағы өзекті мәселелер жазушы туындысының өміршендігін байқатты;

3. Көркем әдебиеттің негізгі тақырыбына айналған ғаламдық жылыну, жекелеген ұйымдар арасындағы саяси текетірес, әлемдік аренада сыңаржақ ойлардың бой көтеруі сияқты өзекті мәселелер Шыңғыс Айтматов туындыларын ғылыми-зерттеуге ықпал етті;

4. Ш.Айтматов еңбектері арқылы мазмұны тереңдей түскен қазақ даласында орын алған тарихи оқиғалар тарихи деректермен салыстырыла отырып ғылыми тұрғыда қайта сараланды;

5. Ш. Айтматов туындыларын теориялық талдау барысында, қазақ тақырыбына байланысты көтерілген мәселелерді зерттеуде қазақ-қырғыз

ұлыстарының ұлағат биігінен орын алған ортақ мұраларды негізге ала отырып тұжырымдар ұсынылды.

Зерттеудің ғылыми болжамы: *егер* Ш.Айтматов туындылары әдебиеттану ғылымында жаңаша ғылыми көзқараспен сараланып, жазушының шығармашылығы арқылы көтерілген түпкі идеясы теориялық тұрғыда қайта қаралатын болса, *онда* Тәуелсіз Қазақстанның рухани тұрғыда толық жетілген, адамгершілік, гуманистік санасы жоғары өскелең ұрпақтар легі көбейіп, гуманитарлық бағыттағы, оның ішінде әдебиеттану мамандығындағы кәсіби құзыреттілігі жоғары мамандармен толығатын болады, *өйткені* ұлы суреткердің туындылары ұлттық шекара шеңберінен асып, жалпыадамзаттық санасы қалыптастыруға негізделген гуманистік идеяға толы. Шыңғыс Айтматов туындылары туыстық байланысты насихаттап қана қоймай, жалпы адамзатқа адамдық ардан аттамаудың, обал-сауаптың, туған отанның, табиғат ананың қадірін білуді насихаттайды.

Алынған нәтижелердің жаңалығымен маңыздылығын және ғылыми даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігін негіздеу:

Зерттеу жұмысының ең басты жаңалығы диссертацияның алғаш зерттелуі және және төмендегідей ғылыми жаңалықтарға қол жеткізілді:

– Шыңғыс Айтматов туындыларында көрініс тапқан аңыз бен шынайы қоғам арасындағы идеялық тұтастық тұрғысынан түйінделген негізгі көзқарастарды ғылыми-теориялық тұрғыдан саралап, қазақ жеріндегі тарихи оқиғалар арқылы көтерілетін гуманистік идеяларды айқындау;

– Қырғыз жазушысының туындыларындағы психологиялық параллелизмді, суреткерлік шеберлікті, сан түрлі адамдардың мінез-құлық ерекшелігін, психологиясын, өмірден азап шеккен жандардың трагедиялық жағдайын даланың табиғат көріністеріне салыстыра бейнелеу шеберлігін ғылыми-теориялық тұрғыда зерделеу;

– Қазақ тақырыбы арқылы көрініс тапқан Шыңғыс Айтматов шығармаларындағы түпкі идеяның арқауына айналған түркілік дүниетанымды студент-жастарға насихаттау;

– Шыңғыс Айтматов шығармашылығын оқыту арқылы студенттердің бойына отансүйгіштік, адамгершілік, ізгілік қасиеттерін сіңіріп, олардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық тұжырымдарын анықтау.

Зерттеу барысында жүргізілген негізгі жұмыстардың бағыттары Тәуелсіздік жылдарындағы білім беру мен қазақ әдебиеті туралы зерттеулер, әдеби байланыс, салыстырмалы әдебиеттану жайындағы шетелдік және қазақстандық ғалымдардың зерттеулеріне, Шыңғыс Айтматовтың мұрасына байланысты жарық көрген зерттеу еңбектеріне, әдебиеттанушы-ғалымдардың еңбектеріне, жоғары мектеп ұстанымына, әдеби білім берудің мемлекеттік стандартына, оқу тұжырымдамалары мен бағдарламаларына, әдебиет теориясына, монографияларға, маман даярлау туралы ғылыми еңбектерге,

теориялық оқулықтар мен оқу құралдарына сәйкес келеді. Сондай ақ, төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес дайындалды:

– Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 12.04.2017.

<https://www.akorda.kz> Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы (01.09.2023. <https://www.akorda.kz>);

– Қазақстан Республикасы Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы);

– ҚР Президентінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» (2019 ж.) «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдаулары;

– ҚР Президенті Қ.Тоқаевтің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласы. <https://kaz.nur.kz/politics/1892218-tuelsizdik-brinen-kymbat-tokaevty-makalasy-zarialandy/>;

Докторанттың әр басылымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы (диссертация авторының жарияланымның жалпы көлемінен пайызбен өлшенген үлесі көрсетілген):

Зерттеу жұмысының сарапталуы мен жариялануы:

Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен нәтижелері бойынша отандық және шетелдік басылымдарда барлығы 8 ғылыми мақала, оның ішінде Scopus ғылымметриялық дерекқорына енгізілген халықаралық рецензияланатын журналда 74 проценти бар 1 мақала жарық көрді.

Scopus деректер қоры базасына кіретін басылымда:

1. Wolf Imagery in London's White Fang and Aitmatov's Plakha novels. Novitas-ROYAL (Research on Youth and Language), 18(1), – 88-98. <https://doi.org/10.5281/zenodo.10987243> (Куттыбаев Ш., 80 %), (бірлескен авторлар: Қасым Б., Қобланова А., Исаева Ж., Молдағали Б., 20%);

ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен ғылыми басылымдарда:

2. Қазақ-қырғыз әдебиетіндегі ұлттық идея мен әдеби-көркемдік байланыстар// – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. Хабаршысы. Филология сериясы. №4 (66), 2018. – 64-68 бб. (Куттыбаев Ш., 80 %), (бірлескен автор Сманов Б., 20%);

3. Үндестік үйлесімі (Ш. Айтматовтың «Жәмила» повесінің қазақ туындыларымен үндестігі)// – Алматы: Қазақстанның ғылымы мен өмірі, №7 (70) 2018. – 156-160 бб. (Куттыбаев Ш., 80 %), (бірлескен автор Сманов Б., 20%);

4. Ш.Айтматов шығармаларындағы ғаламдық мәселелер// – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, Филология ғылымдарының сериясы, №4 (70), 2019. – 306-311 бб. Куттыбаев Ш., 80 %), (бірлескен авторлар Абдимомынов Е., Саметова Ж., 20%);

Халықаралық конференция материалдарында:

5. Ш.Айтматов шығармашылығындағы адам және табиғат// Халықаралық ғылыми-теориялық конференция «XX ғасыр басындағы жазу реформасы: Телжан Шонанұлы мұрасы» – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2019. – 92-96 б. Куттыбаев Ш., 80 %), (бірлескен автор Сманов Б., 20%);

6. Гуманизм и Ч.Айтматов// «Эффективные инструменты современных наук – 2019». XV халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Прага, 2019. – 111-121 бб. Куттыбаев Ш., 100 %);

7. Человек и природа в творчестве Ч. Айтматова// «ОБРАЗОВАНИЕ В XXI ВЕКЕ». III Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (г. Москва, 28-29 февраля 2020 года). – М.: Издательский дом «Развитие образования», 2020. – 378-383 бб. (Куттыбаев Ш., 100 %);

8. Тамыры терең байланыс// Халықаралық симпозиум «Бабалар сөзі – рухани жаңғырудың қайнар көзі» – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 16-17 мамыр, 2019. – 254-258 бб. (Куттыбаев Ш., 100 %).